

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### 522 млрд теңгеден аса қаражат тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталды

**2021 жылдың 19 ақпанындағы** жағдай бойынша БЖЗК-ға уәкілетті операторлардан («Отбасы Банкі» ТҚЖБ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, сондай-ақ, «Банк ЦентрКредит» АҚ) тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға **150 219 өтініш** түсті.

Жалпы сомасы **шамамен 522,3 млрд теңге** болатын **97 814 өтініш** орындалды. Салымшылардың арнайы шоттарына түскен төлемдердің орташа сомасы **5,3 млн теңгеден** асады.

Арнайы шоттарға төлем алғандардың 20% жуығы Алматы қаласында тұрады, орындалған өтініштердің 17% жуығы Маңғыстау облысының тұрғындарынан, ал шамамен 16% елордамыз Нұр-Сұлтан қаласынан жіберілген екен. Өңірлер бойынша толық ақпарат [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» - «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» бөлімінде берілген.

Жалпы сомасы **21,4 млрд теңгеге** жуық **4 842 өтініш** салымшылардың уәкілетті операторларда ашылған арнайы шоттарына кейіннен төлемдерді жүзеге асыруға аудару үшін өңделуде.

25 қаңтардан бастап (БЖЗК уәкілетті оператордан өтініш қабылдай бастаған күн) **47 253 өтініш** заңнама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбады. БЖЗК-ның өтініштерді қабылдамау себептері мен оларды жою бойынша ұсынымдар туралы егжей-тегжейлі баяндамасы [мына жерде](#).

Орындалған өтініштердің басым бөлігі (**38%**) ипотекалық қарыз бойынша берешекті ішінара немесе толық өтеу мақсатына (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде) бағытталғанын көрсетеді. Өтініш білдірген салымшылардың **26%** астамы зейнетақы ақшасын тұрғын үйді ипотекасыз (толық сатып алу) сатып алуға жіберу туралы шешім қабылдаған. Зейнетақы жинақтарын пайдалануға танымалдығы жағынан үшінші орындағы сұраныс – жақын туыстарына беру (**өтініштердің 19% астамы**). Біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану мақсаттары туралы толық ақпарат [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» - «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған мақсаттар бойынша біржолғы зейнетақы төлемдері» бөлімінде орналастырылған.

2021 жылғы 19 ақпанда БЖЗК-ға [сайттағы жеке кабинет](#) арқылы зейнетақы жинақтарының бір бөлігін [инвестициялық портфельді басқарушыға](#) (ИПБ) аударуға **2 өтініш** келіп түскенін атап өткен жөн.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*